

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	10.07. - 14.07.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Еңбек: ойын алаңын сыпыру. Мақсат-міндеттер: тәртіпті сақтауға, бірлесіп жұмыс істеуге машықтандыру. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	Еңбек: алаңды қоқыстан тазарту. Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге, істі соңына дейін жеткізуге үйрету. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	Еңбек: гүлзардағы жерді тазарту және қазу. Мақсат-міндеттер: еңбек тапсырмасын жауапкершілікпен орындауда баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	Еңбек: ағаш кесуге қатысу. Мақсат-міндеттер: ересектермен бірлесіп жұмыс жасаудың нәтижесін көруге тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	Еңбек: гүлзардағы топырақты қопсыту. Мақсат-міндеттер: қопсытудың не үшін қажет екенін түсініп, еңбекте саналылықты танутуға тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)
	"Табиғатта не болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: етістіктің сөйлеу барысында	"Ұқсас - ұқсас емес" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: заттарды салыстыруға үйрету; олардың	"Қолымда не бар?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: мынадай ұғымдарды пысықтау: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке,	"Жетіспейтін сөзді ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: апта күндері туралы білімдерін бекіту. Материал. Доп.	"Пішіні бірдей затты тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: заттар нысаны туралы ойды

	қолданылуын бекіту, сөйлемдегі сөздердің келісімі. Барасы. Тәрбиеші допты балаға лақтырып, сұрақ қояды, ал допты қайтарған бала сұраққа жауап беруі керек. Ойынды тақырып бойынша ойнаған жөн. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) "Соқыр теке" қазақтың ұлттық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу, бір-бірлеріне кедергі жасамау, дабылға	айырмашылық белгілерін табу; ұқсастықтар, элементтерді сипаттама бойынша тану. Міндеттері: балаларға зейінділікке үйрету. Есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Ойынға қызығушылықты тәрбиелеу. Ойын барысы. Мысалы: бір бала болжам жасайды, ал қалған балалар болжауды жалғастыру керек: "Екі қоңыз жорғалап жүрді. Бірі қара нүктелермен қызыл, екіншісі қара ...". (қарым-қатынас іс-әрекеті)	үлкен-кіші, оң-сол; кеңістік түсінікті пысықтау, қимылды, түсіну сезімдерін дамыту. Керекті материалдар. Табиғи материалдар: ұсақ тастар, жаңғақтар, таяқшалар. Ойынның мазмұны. Бала қолын артына ұстайды. Тәрбиеші оның қолына үлкендігі түрліше, бірақ тегі бірдей екі затты, мысалы, үлкен және кіші тасты ұстатады. Балал қолына қарамастан, оң қолында үлкен тас, сол қолында-кіші тас бар екенін айтуға тиіс. Балалар оның жауабының дұрыстығын тексереді. Енді	Ойын барысы. Үй иесі бірден бастап, допты ойыншылардың біріне лақтырады: - Күн күндіз жарқырайды, ал ай. - Таңертең мен балабақшаға келіп, үйге оралдым. - Егер кеше жұма болса, бүгін. - Егер дүйсенбі, сейсенбі болса, бейсенбі. Сол сияқты сіз жыл мезгілдері, айлар туралы ойын жүргізе аласыз. (қарым-қатынас іс-әрекеті) "Бес тас" қазақтың ұлттық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың зейіні	нақтылау. Ойын барысы. Тәрбиеші шеңбердің суретін көтереді, ал балалар мүмкіндігінше бірдей пішіндегі заттарды атауы керек. (танымдық іс-әрекет) "Жұптық эстафета" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: ережелер бойынша ойнауды, жылдам жүгіруді, жұппен секіруді үйрену. Өзара қолдау мен достыққа тәрбиелеу. (дене шынықтыру) Еркін ойын: "Ұшады - ұшпайды" Мақсат-міндеттер:
--	---	---	---	--	---

	жылдам назар аудару. Ойын үйде де, далада да ойнала береді.. Ойыншылар шеңбер құрып, дөңгелене турады да, ортада көзі байланған бір адамды қалдырады. Соқыр теке — сол. Қалған ойыншылар соқыр текені қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. Ал соқыр теке сол түрткен адамды ұстап алып, тануға тиісті. Егер ол устаған кісіні таныса, оның көзін байлап, соңы соқыр теке жасайды. Өйтпеген жағдайда соқыр теке ойыны ары қарай жалғаса береді. Ол:	"Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын	тәрбиеші екінші баланың қолына жуандығы бірдей, ұзындығы әр түрлі екі таяқша немесе жуандығы әр түрлі, ұзындығы бірдей екі қарандаш ұстатады. Топ алдына шақырылған әрбір бала бір-біріне ұсақ 2-3 жаттығу орындайды. Ешқандай қателік жібермеген балалар жеңімпаздар болып есептеледі. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) "Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі	мен ептілігін дамыту. Ойынның барысы. Ойнаушылар ең алдымен, кім-кімнен кейін ойнайтынын өздері анықтайды. Ол үшін ойыншылар кезекпен бес тасты тобымен жоғары лақтырып, қолдың сыртымен тосып алады да, тағы да лақтырып, қолдың сыртымен тосып алады да, тағы да лақтырып, қолдың сыртымен тосып алады да, тағы да лақтырып, алақанмен қаршып ұстайды. Қаршып ұстау дегеніміз –тасты қолды еңкейте жоғарыдан төмен қарай қағып алу. Лақтырылған бес тасты қолдың	зейінді дамыту, ауызша командаға реакция және мінез-құлықты реттеу. Барысы: балалар қатарда тұр. Жүргізуші әртүрлі заттарды атайды және қолдарын жоғары көтереді. Балалар аталған зат ұшатын кезде ғана қолдарын жоғары көтеруі керек. Соңында мүлдем қателеспегендерді атап өтіңіз. (танымдық іс-әрекет)
--	---	---	---	---	--

	Қараңғыда көзім жоқ, Тиіп кетсе сөзім жоқ. Қайда кеттің қалқа жан, Жетектейтін өзің жоқ. Қолға түскен құтылмас, Қала бермек көзім боп, — деп таяғын өзі болжаған тықыр, дыбыс естілген жаққа қарай соза береді. (дене шынықтыру)	барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, эртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. (танымдық дағдылар) "Фигура жаса" қимыл-қозғалым ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге жаттықтыру. Ойын ережелері. Балалар барлық ойын алаңында жүгіреді. Сигнал берілген кезде олар тез орнында тұрып, қандай-да бір қалыпқа келу:	шарлармен) ойнауға шақырады да ойнағысы келген немесе ойынға тартылған балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Балаларға бір-бір доп таратып бергеннен кейін, тәрбиеші оларға допты қақпадан өткізуді ұсынады. бала допты домалатып, қуып келеді де сызыққа жеткеннен кейін кері оралады. Ойынға 5-6 бала қатысады. Ойнаушы топтардың ауысуына болады; 2-3 рет ойнаған балаға тәрбиеші енді дем алуды, басқалардың	сыртымен тосып алу және қаршып алу кезінде бірнеше тас жерге түсіп кетуі мүмкін. Кім көп тас қаршып алса, сол бірінші ойнау кезегіне ие болады. Бірінші кезек алған ойыншы бестас ойынының шартын бұзып алғанға дейін ойнайды. Одан кейін екінші кезектегі, ол тоқтаған соң, үшінші кезектегі ойыншы ойнайды. Ойын осылай жалғаса береді. Тастарды қаршып қағып алу кезінде басқа тастарды қозғалтуға болмайды және қақпа тасты түсіріп алмауы керек. Ойыншы ойынның шартын бұзғанға	
--	--	---	--	---	--

		шалқайып отыру, қолдарын көтеру аяқтарын көтеру т.б. Тәрбиеші кімнің фигурасы қызықты екенін атап өтеді. Жыл соңына қарай ойын күрделене түседі, оған топтық фигуралар енгізіледі - жұппен, үш. Сонымен қатар, балаларға белгілі бір позициядағы фигураны ұсынуға кеңес беріледі: тек тұру, төрт аяғымен тұру, отыру т.б.. (дене шынықтыру)	қалай өткізетінін көруді ұсынады. Қақпаны ірі құрылыс материалынан жасауға немесе оның орнына балалардың орындығын пайдалануға болады. Олардың аяғының арасынан балалар доп өткізеді. (дене шынықтыру)	дейін ойнай береді. Тек ойынның шарты бұзылған жағдайда ғана келесі ойыншы кезек алады. Ал келесі кезек келгенде ойнаушылардың қай- қайсысы болсын, ойынды өзінің бұрынғы тоқтаған жерінен жалғастырады. (дене шынықтыру)	
Таңертеңгі жаттығу	Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. Жалауармен жалпы дамыту жаттығулары кешені. 1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып.				

	1.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауларын сермеп "жаса" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 3.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Кел балалар, келіндер, Асты дәмді көріңдер. Міне кесе, міне қасық, Тосып тұр сені асың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: жеке гигиена ережелері туралы білімдерін бекіту, ережелерге деген тұрақты қызығушылық және балалардың танымдық, сөйлеу белсенділігі дамыту Көркем сөз Нан қосып жетоясың, Тәбетің де оянсын. Тойып алған балақай, Асыр салып ойнасын. (мәдени-	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану мәдениетін жетілдіру. Майлықты дұрыс қолдану, қолды дұрыс жуу шеберлігін жаттықтыру, тамақ ішкеннен кейін аузыңызды шаю шеберлігін арттыру. Көркем сөз Сиқырлы ғой қасығым, Жылдам жеймін асымды.	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану мәдениетін жетілдіру. Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру, ұқыпты тамақтану қабілетін жүзеге асыру. Көркем сөз Үйрек берді тамақты, Балапанға га-га-га деп, Мысық жүрді соңынан ,	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану құралдарын қолдану мәдениетін жетілдіру. Пышақпен нанға май жағу қабілетін нығайту. Көркем сөз Денемді таза ұстап, Шомыламын ағынмен. Тамақ ішер алдында, Қол жуамын сабынмен. (мәдени-гигиеналық

		гигиеналық дағдылар, көркем сөз)	Міне тамақ, міне шай, Тым асықпай, жеші жәй. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)	Марғауының мяу-мяу деп. Тамақтанды бәрі де, Тұрып-ап таң сәріден. Тек кішкентай балақай, Түк жемеді әлі де, Ассыз болмайды күнің, Ботқа жеші, кел күнім. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)	дағдылар, көркем сөз)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Әңгімелесу: "Демалыс күндерін қалай өткіздік". Мақсат-міндеттер: ұзаққа есте сақтау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)	"Жұмбақты ойдан шығару" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; дүниетанымын кеңейту. (қарым-қатынас іс-	"Суық-ыстық" аз қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер: есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасырған кезде қарауға тыйым салынады. Жүргізуші залдан	"Қимылдар тізбегі" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, есте сақтау, ойлау, қимылдарды үйлестіре білу қабілеттерін жетілдіру. Балалардың бірі бірнеше қимылдар	"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай,

		әрекеті, қазақ тілі) кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші кіріп, затты іздейді. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... жасырылған затты табуға көмектеседі. (дене шынықтыру)	кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші кіріп, затты іздейді. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... жасырылған затты табуға көмектеседі. (дене шынықтыру)	тізбегін көрсетеді, қалған балалар көрсетуді мұқият қарайды. Содан соң жүргізуші бала балалардың қимылдар тізбегін қаншама дұрыс есте сақтап, дәлме-дәл көрсеткенін бақылайды. Ең жақсы орындаған баланы келесі жүргізуші рөліне тағайындайды. (дене шынықтыру)	"қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, қазір сендер әуенді тыңдап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын. "Стоп-кадр!" - деген белгіні естісеңдер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек. Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан-жануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады. Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер
--	--	---	--	--	---

					жинағы, фотоаппарат немесе смартфон. (танымдық іс-әрекет)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Кел достарым, келіндер" Мақсат-міндеттер: Балаларды түрлі жылдамдықпен - баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 мин тоқтаусыз жүгіру; косалқы қадаммен арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; көлбеу басқышпен өрмелеп гимнастикалық қабырғаға өтіп, сатыдан ұстай отырып қайта түсу дағдыларын дамыту.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу ""Жан - жануарлардың дауласуы" казак халық ертегісі" Мақсат-міндеттер: Балаларды казак халық ертегісімен таныстыру; үй жануарлары туралы білімдерін тиянақтау; ертегіні мұқият тыңдап, мазмұнын өз ойымен толық жеткізіп айтуға үйрету; сөздік қорын, тілін дамыту; жан-жануарларды күтіп-баптауға, қорғап, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Жәндіктер әлемі" Мақсат-міндеттер: Балалардың табиғат әлеміне қызығушылығын арттыру, жәндіктерді қорғап, оларға қамқор болуға баулу. Жәндіктердің түрлерімен таныстыру, олардың пайдасы туралы мәлімет беру. Жәндіктердің тіршілігін түсіндіру, оларды сипаттай білуге үйрету, олар туралы жұмбақтар шешуге қызығушылықтарын	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Көңілді жаз" Мақсат-міндеттер: Балаларды хабарлы сөйлемді қолдана отырып, сурет мазмұнына қарай әңгіме құрауға үйрету; айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласуға, сұрақ қоюға және сұраққа жауап беруге деген білігін дамыту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өз еліне сүйіспеншілігін арттыру, елін, жерін сүюге тәрбиелеу.	Жапсырудан ойын-жаттығу "Көңілді хоровод" Мақсат-міндеттер: Балаларға қағаздан гармошка сиқты бүктелген қағаздан бірнеше бірдей пішінді кесуге үйрету (адамдардың силуэті), фигураларды бір композицияда орналастыру қабілетін дамыту. Бізді қоршаған әлем туралы білімдерін байыту: материктер, әр түрлі халықтар, достық туралы білімдерін жетілдіру. Ұқыптылыққа, табандылыққа

		Музыкадан ойын-жаттығу "Ақжелкен" Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.	арттыру. Сурет салудан ойын-жаттығу "Ғарыш әлемі (балауыз мелдармен сурет салу)" Мақсаты: Түрлі әдістермен ғарышты бейнелеуге үйретуді жалғастыру; акварель мен балауыз мелдармен қолданудың практикалық дағдыларын жетілдіру; көру қабілеттерін, қиялдарын дамыту; тиянақтылыққа тәрбиелеу.		тәрбиелеу.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Табиғаттағы жазғы өзгерістерді	Құмырсқаларды бақылау. (қарым-	Жолды жөндеу жұмысын бақылау.	Заттардың көлеңкесін	Қанқызды бақылау. (қарым-қатынас іс-

	бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: табиғаттағы жазғы өзгерістер туралы білімдерін нақтылау; жаздың әртүрлі кезеңдерін салыстыру қабілетін дамыту; табиғаттағы өзара қатынастар туралы қарапайым тұжырымдар жасау қабілетін қалыптастыру. Балалардың назарын жазғы табиғаттың сұлулығына аударыңыз, қандай өзгерістер болғанын сұраңыз. (Күннің ұзақтығы өсті, қоршаған ортаның температурасы	қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: құмырсқалар және құмырсқа илеуімен балаларды таныстыруды жалғастыру; байқампаздыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Бақылау кезінде құмырсқалардың үлкен жанұялармен өмір сүретініне көңіл аудару, сүйір үйлерді салады - бір тал шөптер, қылқан жапырақ, тағы басқа материалдардан (балапан құрттарды асырайды), (минутына 100 шынжыр табандары) зиянды шыбын-	(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балалардың үлкендер еңбегі туралы – жұмысшылардың жолды жөндеуі, еңбек мөлшері туралы ұғымдарын кеңейтуді жалғастыру; нңбектену қажеттілігіне және еңбек адамдарын сыйлауға тәрбиелеу. Балаларға жолды жөндеу жұмыстары жайында баяндау: асфальттың ескі қабатын алу, ұсақталған тас қабатын төсеу, құм, катокпен тегістеу, ыстық смоланы құю, асфальт қабатын	бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балалардың күн мен ауаға байланысты құбылыс, көлеңкенің пайда болуы, туралы білімдерін бекіту. Күннің жоғары тұрғанын анықтау, заттардың көлеңкесін, таңертең балалардың өздерінің көлеңкесін күн әлі жоғары шықпағанда және күндіз, ол әлі бастан жоғары тұрғанда бақылауға болады, көлеңкенің ұзындығын өлшеу, көлеңкеде заттар суығырақ, күннің көзінде жылырақ	әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балаларды жәндіктер (қанқыз) туралы білімдерін жетілдіру; байқампаздыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. - Балалар біз серуен кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық? - Бүгін біз тағы бір жәндікпен танысамыз. Ол үшін сендер қолдарыңды созып, алақандарыңды тосып тұрсаңдар, ол жәндік сендердің алақандарыңа өзі қонады. (Балалар көздерін жұмып, қолдарын созып тұрады,
--	--	---	--	---	---

	көтерілді, жәндіктер пайда болды, құстар келді, жапырақтары гүлдеді). Болжам - Күннің тұманды мұнардан көтерілуі ауа райының ыстық болуының нышаны. - Күн көзі жаз айларында бұлттанып батса жаңбыр болады. Мақал-мәтелдер 1. Жаз келді, Үйрек ұшып, қаз келді. 2. Қарға қаңқылдаса, Қысты шақырады. Қаз қаңқылдаса, Жазды шақырады Көркем сөз Жаз келді жарқырап, Мәз болды атырап. Жасылға боялып, Жайлайды жапырақ Күлімдеп күн жырлап,	шіркейлерді құрта отырып, пайда әкеледі. Ауа райын құмырсқа илеуі арқылы болжауға болатын балаларға көрсету: егер барлық жолдары ашық және еркін жүрсе, онда жақсы ауа райының нысанын білдіреді. Балаларға құмырсқа илеуін қоруы керек болатыны жөнінде қорытынды жасау. Жұмбақ: Екі басы жұдырықтай, Ортасы қылдырықтай. (Құмырсқа) Бір балуан өзі күшті, қайраты мол, Өзінен үлкен затты көтерер ол. Мейлі қыр, мейлі жота, мейлі төбе,	төсеу), механикаландыру рөлі (адамның ауыр еңбегін машиналар ауыстырады - каток, жүк машиналары және т.б. Машиналар адам еңбегін жеңілдетеді қорытындыға келтіру. Жұмбақтар 1. Арқасында ауыл жүр, ала тайым шауып жүр. (Автобус) 2. Далаға құрған өрмегім, үстінен зулап келемін. (Теміржол) Жаңылтпаш Бұрынғы бұрғымен бұрап-бұрап бұрғылады. Қатты қаппен мықтылып қаптап қойғанмын. Мақал-мәтел	болатынына көңіл аудару. Балаларды күн аспанда қозғалады деген қорытындыға келтіру. Бақыланған затқа қызығушылығын ояту. Жұмбақ Мен жүгірсем, ол да жүгіреді, Мен мүдірсем, ол да мүдіреді. (Көлеңке) Қимылды ойын: «Қақпашы». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жарысу элементтері бар спорттық ойындарға қызығушылығын дамыту. Еңбек: жиналған табиғи материалдардан панно құрастыру. Мақсат-міндеттер:	тәрбиеші олардың қолына кішкентай қаңқызды қояды.) – Балалар, көздеріңді ашыңдаршы, сендердің алақандарыңа қандай жәндік қонды. Сендер бұл жәндікті көрген жерлерің бар ма, қайдан көрдіңдер? Балалар көздерін ашқан кезде қаңқызын көріп, таңғалады, қуанады, бір – біріне көрсетіп, қуаныштарын бөліседі. - Қаңқызының артында қанша қара нүкте бар? Қандай саңырауқұлақты қаңқызымен салыстыруға болады? Неліктен қаңқызын дәрігер Айболит деп атайды? Қаңқызы
--	--	---	---	--	--

	Бұлақтар былдырлап. Жас талға құс қонып, Әндетті жыр- жырлап. "Жалпы атауын ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға заттарды жеке – жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешу арқылы тапқырлыққа, шапшандыққа баулу. Көрнекілік: жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары, үй жиһаздары. Ойын шарты: тәрбиеші балаларға хатқалтанын ішіне салынған жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары, үй жиһаздарының	Қайқандап аса берер бәрінен де ол. (Құмырсқа) Көркем сөз «Құмырсқа мен Мұрат» С. Оспанов Таңнан кешке құмырсқа Жалықпайды жұмысқа. Ерінбейді Мұрат тек Тұруға кіл бұрышқа. Тыйымдар Құмырсқаның илеуін бұзсаң, үй ішіңе кесапаты тиеді. "Қажетті дыбысы бар жануарды, жәндікті ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: фонематикалық естуді, тез ойлауды дамыту. Ойын барысы. Тәрбиеші атында А, К әріптері бар	Жан қиналмай Жұмыс бітпес. Талап қылмай Мұратқа жетпес. Көркем сөз "Жолың болсын!" Н. Айтов Атам шықса сапарға - Жолың болсын! – дейді апам. Апам шықса сапарға - Жолың болсын, - дейді атам. - Жолың болсын дейді олар, Үлкенге де кішіге. "Өрт сөндірушілер жаттығу үстінде" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшандыққа, зейінділікке, жылдамдыққа, иілгіштікке машықтандыру.	қолмен еңбекке баулу; жұмыстың үнемді орындауға, өз еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. "Айгөлек" қимыл- қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшандықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек ойыны кең алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15- 20 метрдей жерде қол ұстасып қарама- қарсы тізбек құрып	зиянды жәндіктерді жейді. "Сипаттама бойынша тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: жәндіктерді сипаттама бойынша тану қабілетін бекіту немесе басқа жәндікті сипаттау. "Шалғындықта үш сайыс" қимыл- қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Бастапқы стартта орынды сақтап, жерде жатқан доға арқылы аттап өтуге үйрету; шыдамдылық және күштің әсер етуіне мүмкіндік туғызу. Еңбек: құм салғыштан шашылған құмды жинастыру.
--	---	--	--	---	---

	суреттері бар бірнеше сериялы дидактикалық материалдарды таратып береді. Осы материалдарды жалпы атауына сәйкес топтастыру қажет. Өзінің топтағанын дәлелдеп айтуы тиіс. Мысалы: алма, өрік, алмұрт, жемістерге жатады. Өйткені олар – жеміс ағаштары. Еңбек: балалармен бірге алаңды ретке келтіру. Мақсат-міндеттер: балаларға өз жұмысын жоспарлауға, әрекеттер тізбегін сызуға, қажетті құралды таңдауға, өз жұмысының нәтижелерін бағалауға үйрету.	жәндіктер ойлап табуды ұсынады. Еңбек: "Құмырсқа илеуі үшін қоршаулар". Мақсат-міндеттер: құмырсқа илеуін балаларға қамқорлыққа алуға тәрбиелеу; жануарларды күту талабын жетілдіру, еңбек дағдыларын жетілдіру. "Көбелектер" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: сигнал бойынша жүгіру бағытын, тоқтамай, өзгерте білуге машықтандыру; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды үлестіру қабілеттерін жетілдіру.	Эстафетаны беру, колоннаға тұру, екі топқа бөліне білуді бекіту. Бір баспалдақ аралығынан екінші аралыққа өту, гимнастикалық қабырғаға шыға білу. Өзара көмектесуді өз бетінше дамыту. Еңбек: көгөністерді жинағаннан кейін жүйелерді қазу. Мақсат-міндеттер: көгөністерді егуге жерді дайындауға үйретуді жалғастыру, көкөністерді күте білуді жетілдіру. "Неге?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: сұраққа дұрыс жауап беруді үйлестіруді бекіту, қоршаған әлем туралы білімдерін тереңдету және	тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді. Олар барлығы қосылып, төмендегі өлеңді айтады: Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек? Бұған екінші топтың ойыншылары жауап береді. Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк	Мақсат-міндеттер: құмды өз ынтасымен жинастыруға үйрету; тазалыққа және ретке келтіру әдеттін қалыптастыру. "Соқыр теке" қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтап, әділ ойнауға баулу; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды, тепе-теңдікті сақтай жүріп, үлестіре білуге, бір-бірлеріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. "Соқыр текені"
--	---	---	---	---	--

	"Балықшылар мен балықтар қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша, әділ ойнауға баулу; бір немесе қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жылдам жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "балықшыларды" (бір-екі бала) санамақпен тағайындайды, қалған балалар "балықтарды" сомдайды. Белгі бойынша "балықтар" алаңның бір жағынан екінші	Педагог ойын барысында "Оңға!", "Солға!", "Кері!", "Алға!" деп, белгілер беріп тұру мүмкін. Балалар кездейсоқ айтылған белгілерді есті жүріп, жүгіру бағыттарын жылдам өзгертіп, ары қарай қимылдау тиіс. Сондай-ақ, демалу кезеңін ескеруге болады. Балалар "Гүлдер!" атты белгі бойынша өз орындарына тоқтап қала алады. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және эксперименттер «Болмаған нәрсені кім көбірек байқайды?» Табиғатта маусымды құбылыстар туралы ұсынысты бекіту;	кеңейту. Балалардың дербес іс-әрекеті. Балалар ойынының мазмұны мен тақырыбын байыту және дамыту.Өз пікірін қорғай білуді жетілдіру,құрбыларының пікірлерімен келіспейтінін әдепті түрде білдіруді дамыту, рөлдерді бөлу қызметін,ойыншықтарды, міндеттерді бөлісуді дамыту.	терек, Шолпан атты қыз керек,- дейді. "Шолпан" деген сөздің орнына басқа бір баланың немесе қыздың атын қойып айта береді. Қарсы топтан шақырылған қыз не бала жүгіріп келген бойы тізіліп тұрған топтың әлсіз жерінен үзіп өтуге тиісті. Егер үзе алмаса, сол топта қалып қояды. Ал үзсе, өзі қалаған ойыншының бірін өз тобына алып қайтады. Ойыншылар түгел шақырылып болған соң, екі жақтың ойыншылары саналады. Қай топтың саны көп болса, сол топ ұтқан болып есептеледі.	санамақ арқылы тағайындайды. Содан соң "текені" ортаға шығарып, көзін байлап, бір орында айнаруды сұрайды. Балалар осы кезде: "бір, екі, үші! Соқыр теке, бізді ұста!" - деп "соқыр текені"қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. "Соқыр текенің" міндеті - түрткен баланы ұстап алу және оны танып, есімін атау. Педагог балалар тым алшақ қашып кетпес үшін, үлкен шеңберді сызып қояды. Ойыншылар сол шеңберден аспай ойнау керек. Шеңберден шығып
--	---	--	--	---	---

	жағына, бірін-бірі итермей, соғылмай, жылдам жүгіреді Сол кезде алаңның ортаңғы екі шетінде тұрған "балықшылар" "балықтарды" қолмен түртіп, ұстап алуға тиісті. Ойынның соңында балалар "балықшылар" ұстаған "балықтарды" санайды, жеңіске жеткенді табады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. "Ұшты-ұшты" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін дамыту. Еркін ойындар.	елестету, ықыласты жетілдіру. Тапсырма. Қант шақпағын қою. Минуттан соң ештеңе қалмайды. Қорытынды. Құмырсқалар тәттіні жақсы көреді. Өзіндік іс-әрекеті. Игерілген норма мен ережелерді орындауға балаларды ойын барысындағы қарым қатынастарға икемдеу (тәртіп мәдениеті, достық сезім, ұжымдық қарым қатынастар).		"Жануарды тамақтандыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: аталған жануарлар, жәндіктер, құстар қалай, немен тамақтанатыны туралы балалардың білімдерін бекіту. Жарысқа қатысу ықыласын, сұраққа тез жауап бере білуін дамыту. Эксперимент. Таңертең және түсте көлеңке биіктігін өлшеу. Қорытынды. Күн аспанда жылжығандықтан көлеңке биіктігі өзгереді. Еркін ойындар.	кеткен бала, ойыннан да шығады. Кім ұстанылып, танылып жатса, "соқыр теке" болып, ойынды жалғастырады. Еркін ойындар.
--	---	--	--	---	--

Серуеннен оралу	Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер: - учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу; - балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату; - ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою; Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Кел балалар, келіндер, Асты дәмді көріңдер. Міне кесе, міне қасық, Тосып тұр сені асың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: жеке гигиена ережелері туралы білімдерін бекіту, ережелерге деген тұрақты қызығушылық және балалардың танымдық, сөйлеу белсенділігі дамыту Көркем сөз Нан қосып жетоясың, Тәбетің де оянсын.	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану мәдениетін жетілдіру. Майлықты дұрыс қолдану, қолды дұрыс жуу шеберлігін жаттықтыру, тамақ ішкеннен кейін аузыңызды шаю шеберлігін арттыру. Көркем сөз Сиқырлы ғой	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану мәдениетін жетілдіру. Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру, ұқыпты тамақтану қабілетін жүзеге асыру. Көркем сөз Үйрек берді тамақты, Балапанға га-га-га	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану құралдарын қолдану мәдениетін жетілдіру. Пышақпен нанға май жағу қабілетін нығайту. Көркем сөз Денемді таза ұстап, Шомыламын ағынмен. Тамақ ішер алдында, Қол жуамын

	сөз)	Тойып алған балақай, Асыр салып ойнасын. (мәдени- гигиеналық дағдылар, көркем сөз)	қасығым, Жылдам жеймін асымды. Міне тамақ, міне шай, Тым асықпай, жеші жәй. (мәдени- гигиеналық дағдылар, көркем сөз)	деп, Мысық жүрді соңынан , Марғауының мяу- мяу деп. Тамақтанды бәрі де, Тұрып-ап таң сәріден. Тек кішкентай балақай, Түк жемеді әлі де, Ассыз болмайды күнің, Ботқа жеші, кел күнім. (мәдени- гигиеналық дағдылар, көркем сөз)	сабынмен. (мәдени- гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
Күндізгі ұйқы	Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты). Аяқ массажы. Мақсаты: төсекте жатып, гимнастикалық жаттығуларды өздігінен жасауға машықтандыру. Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға				

	бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Кім көп біледі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: есте сақтау қабілетін, тапқырлық қасиетін дамыту. Ойын барысы. Тәрбиеші қолына стакан ұстап, оны не үшін қолдануға болатынын сұрайды. Кім көп әрекеттерді атаса, сол жеңіске жетеді. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) "Арқан тарту" ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: ұжымдық әрекеттерді үйлестіруді дамыту;	"Дорбада не бар екенін тап?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: сипап сезінетін белгілерді сипаттау. Ойын барысы. Тәрбиеші көкөністер мен жемістерді дорбаға салады. Бала қолында болған нәрсені сипап сезінуі керек және бұл туралы жұмбақ жасау керек, сонда балалар жүргізушінің қолында не бар екенін болжай алады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) "Мысық пен тышқан" қимыл-	"Күнді ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: күннің бөліктері туралы түсініктерді бекіту (таңертен, түстен кейін, кешке, түнге дейін) Материалдар: күннің бөліктері бейнеленген карточкалар. Ойын барысы. Тәрбиеші балалармен бірге күннің неше бөліктен тұратындығын біледі, олардың аттарын атап, сәйкес суреттерді көрсетіп, дұрыс ретпен орналастыруды ұсынады (таңертен, түстен кейін, кешке, түнге).	"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін жүйелеу. Ойын барысы. «Адам не істеді?» - тәрбиеші сұрақ қойып, бір затты ойыншылардың біріне береді (немесе допты лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді. Шеңберді аяқтағаннан кейін	"Орманшы" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: кейбір ағаштар мен бұталардың, олардың құрамдас бөліктерінің (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы еске түсіру және бекіту. Ойын барысы. Бір «орманшы» таңдалады, қалған балалар оның көмекшілері. Олар оған жаңа екпелер үшін тұқым жинауға көмектесуге келді. «Орманшы» айтады: «Менің орманымда өсіп жатқан көптеген ... (қайың, үйеңкі, терек), тұқым алып

	төзімділікті дамыту. Ойын барысы. Балалар екі командаға бөлінеді, әр топ арқанның ұшынан ұстап, өздеріне мүмкіндігінше қатты тартады. Сызықтан асып түскен топ жеңеді. (дене шынықтыру)	қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: ұжымдық әрекеттерді үйлестіруді дамыту; кеңістікті бағдарлауды үйрету. Ойын барысы. Мысық пен тышқанды таңдағаннан кейін, қалған ойыншылар шеңберге тұрып, қолдарын біріктіреді. Мысық шеңбердің артында, тышқан оның ішінде. Мысық басқа ойыншылар күзететін тышқанға өтуге тырысады: олар мысықтың төменгі жағынан өтіп кетуіне жол бермейді, қолдарын төмен түсіреді; жабық қолдарынан көтеріп, оның секіруіне жол бермеуге тырысады.	Тәрбиеші күн құруды ұсынады және күннің бір бөлігін атайды. Балалар күннің қалған бөлігін тізімдейді және сәйкес суреттерді көрсетеді. Ойын 2-3 рет қайталанады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) "Біз де" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: ойынға деген қызығушылығын дамыту. Бұл ойынды кең бөлмелерде ойнауға болады. Ойынға қатысатын балалар қаз қатар отырады. Ойын бастаушы жұрт алдына шығып, әңгіме айта бастайды.	тәрбиеші жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені тудырды?». Ойын шеңбер бойымен жалғасады; жауап бере алмаған бала шеңберден шығып, оны өткізіп жібереді, бірақ егер ол сөзді ойлап тауып, атаса, оны қайтадан ойынға қосады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) "Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету. Ойын барысы. Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта	берейік». Ол ағашты атамай-ақ сипаттай алады. Балалар тұқымдарды іздейді, оларды жинайды және «орманшыға» көрсетеді. Көбірек тұқым жинап, жаңылыспаған жеңімпаз болады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) "Қасқыр қақпан" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жүгірістен ұзындыққа секіруге, қолдың өткір толқынымен, теңгерімді сақтай отырып, серпілген аяғымен серпілдіріп жаттығу. Елтілікке,
--	--	--	--	---	--

		Ойын мысық тышқанды ұстап алғанға дейін жалғасады. (дене шынықтыру)	Ойынның шарты төмендегідей болады. Ойын бастаушы балалардың қосылып айтылуына болатын сөз айтса, олар «біз де» деп жауап бірге жауап беруі керек те, қосылуға болмайтын сөз айтса, үндемеулері керек. «Біз де» сөзін айтып қалса, онда айып тартатын болады. Ән салып, не тақпақ айтып, не би билеп береді. Ойын бастаушы: мен көлге барамын. Балалар: біз де. Ойын бастаушы: онан үйрек ұстап аламын. Балалар: біз де. Ойын бастаушы: үйректің жарымын күшігіме беремін. Балалар: біз де.	қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: «Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. (дене шынықтыру) Еркін ойын: "Менің бұлтым". Мақсат-міндеттер: қиялды, зейінді, табиғатты елестетіп қабылдауды дамыту	батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Алаңның ортасында бір-бірінен 70-100 см қашықтықта екі сызық жасалады, бұл арық. Алаңның бір жағында ешкілер үйі орналасқан. Ойыншылардың барлығы ешкі - біреуі қасқыр. Ешкі үйде, қасқыр шұңқырда. Тәрбиешінің «ешкі, шалғынға» деген белгісі бойынша ешкілер сайдың қарама-қарсы жағына, арықтан секіріп жүгіреді (қасқыр ешкілерге тимейді), «ешкілер, үйге қайт» деген белгі бойынша олар арықтан секіріп үйге жүгіреді. Қасқыр арықтан шықпай
--	--	--	---	---	---

			Ойын бастаушы: күшігім жейді. Осы кезде біреу; «біз де», деп қалса, ойын тоқтайды. Әлгі қателескен бала айып тартады. Бұдан соң ойын қайта басталады. (дене шынықтыру)	(ойын релаксациялық кідіріс рөлін де атқарады). Ойын барысы. Балалар ашық жерде, шөпте жайлы орналасады, тынышталып, көздерін жұмады. Тапсырма. Шабындықта демалуды елестетіп көріңіз. Құстардың дауысы естіледі, шөптер мен гүлдердің иісі шығады, бұлт аспанда қалықтайды. Аспандағы бұлтты таңдап, оның неге ұқсайтынын айту. (танымдық іс-әрекет)	ешкілерді қолымен ұстап ұстап алады. Ұсталғандар арықтың соңына қарай шегінді. 2-3 жүгіруден кейін барлық ұсталғандар үйге қайтарылады. Ұсталмағандардың арасынан тағы бір қасқыр тағайындалады. Ереже: шұңқырдан секіру. (дене шынықтыру)
Балалармен жеке жұмыс	Тақпақты жаттау. "Қуын-ай", Қадыр Мырза Али	Үстел-үсті ойыны: "Мозаика". Мақсат-міндеттер:	Құрылыс ойыны: "Құрылысшы". Мақсат-міндеттер:	"Аяғыңды сұлама" қимылды ойын-жаттығуы.	Жеке жұмыс: сүйікті ойыншықты мүсіндеу.

	Бар еді досымда Кішкене ала доп, Біздің үй қасына Ойнайтын ала кеп. Сол допты досымнан Қиылып сұрадым. Ол менің қасыма Жақындап бір адым: — Бар ғой доп дүкенде, Сатып ап жаңасын, Маған бер, сөйткенде Мұны сен аласың!— Деп қойды, Көзімше Кепкесін жапырып. Мені бір Өзінше Кетпекші қатырып! (қарым-қатынас іс- әрекеті)	үлгі бойынша құрастыру қабілетін бекіту (танымдық іс- әрекет) Дидактикалық ойындар: "Не жүзеді, не батады?", "Кім біледі, жалғастыра берсін". Жеке жұмыс: геометриялық фигураларды атау және жіктеу қабілеттерін бекіту. (	жобалау бойынша ғимараттар құрастыру қабілетін дамыту. Жеке жұмыс: бақша өсімдіктерінің атауларын бекіту. (танымдық іс- әрекеті) Қалаған ертегіні мазмұндау. Мақсат-міндеттер: есте сақтау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; ертегілер әлемінде деген сүйіспеншілікті арттыру. (қарым-қатынас іс- әрекеті, қазақ тілі)	Мақсат-міндеттер: секіруге жаттығу, ептілікті дамыту. (дене шынықтыру) "Сипаттама бойынша тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: зейінін, сөздік қорын, дамытуға үйрету. (қарым-қатынас іс- әрекеті, танымдық іс-әрекет)	Мақсат-міндеттер: ой-қиялын, зейінін, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Балалардың дербес ойын әрекеті. (шығармашылық іс-әрекет)
Серуенге дайындық	Серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты педагог гигиеналық талаптарға сай қажетті сыртқы материалды, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін балалар қызметінің әр түрлі нұсқаулықтарын дайындайды. Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау.				

	Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын-ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін). Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін, қажет болған.
Серуен	Түскі бақылауды жалғастыру.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Саябаққа, орманға, далаға, су қоймасына бірлескен серуендеу ұсынылады. Жаяу жүргенде ауа-райына сай киініп, қоқысты қалдырмаңыз! Жаз: жазда гүлзардың әртүрлі гүлденуін байқай аласыз. Жаңадан жайқалған гүлдерді қарастырыңыз, балаларға жердің безендірілуіне ұқыпты қарау керектігін ескертіңіз.